

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

**«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы**

25.05.2023 ж.

**Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”**

25.05.2023

**Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы исследования тюркских рунических памятников»**

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»  
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.  
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,  
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің  
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті  
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930  
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

## ӨТҮКЕННІҢ МИФТІК-ПОЭТИКАЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Шәрип А.Ж.,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

[amantay\\_sh@mail.ru](mailto:amantay_sh@mail.ru)

**Аннотация.** Дәстүрлі түркі дүниетанымында Өтүкен жерұйық болып саналады. Ол тек топонимикалық зерттеу нысаны болып қана қоймай, өз бойына терең рухани мән дарытқан. Орхон тасбітіктерінің, сондай-ақ басқа да жазба ескерткіштердің мәтіндеріне сүйене отырып мынадай қорытындылар жасауға болады: біріншіден, Өтүкенде тіршілік кешу мемлекетті басқаруда тұрақтылыққа, халықтың бірлігі мен бақуаттылығына, көрші елмен қарым-қатынастың оңтайлығына кепілдік берген (Тәңірдің жарылқауы); екіншіден, Өтүкеннен табан аудару елді бостандық пен бодандыққа, қасірет пен қайғыға душар еткен (Тәңірдің жазалауы). Мұндай утопиялық таным-түсініктер қоғамның өтпелі дағдарыс кезеңдерінде туады. Ата қонысын тастап шыққан адамдар көзден ғайып болған жерді идеалдандыруға және мифтендіруге көше бастайды..

Ежелгі жазбаларда кездесетін «Өтүкен елінің құты» (il Otukan quti) тіркесі «ұрпақ таратушы күш» мағынасына да ие. Әр рудың өкілі өзін дүниеге келтірген «кұрсаққа» балайтын «меншікті» тауына сыйынған. Моңғол жазба ескерткіштерінде Ötüken сөзі etügen~ötügen пішінінде ұшырасып, «күдіретті жерді», «жер-иені» білдіреді. Моңғолдың etügen еке дегені анаға теңелетін отанды меңзейді. Ендеше, түркілер мен моңғолдардың мифтік-поэтикалық дәстүрінде Өтүкен мынадай кейіпте танылады: 1. Мәдени ойкумена (қоныс) – халықтың өміріне қолайлы және қауіпсіз орын; 2. Мәйекті мекенді әлемнің кіндігі ретінде қабылдататын ұғым (құт); 3. Табынатын және кие тұтатын айырықша күш (күдірет).

Өтүкен бейнесі Жер-Ана архетипімен ұштасады және оның ел санасындағы идеялық эволюциясы мен трансформациясын «қоныс – құт – күдірет» мифтік-поэтикалық формуласы арқылы қарастыруға болады.

**Кілт сөздер:** Өтүкен, «Жер-Ана» архетипі, түркілер мен моңғолдар, дәстүрлі дүниетаным, әлеуметтік утопия.

**Abstract.** In the Turkic tradition, Otuken (Ўтүкән жыш; Ўтүкән jär) is the "promised land". Otuken is not only a toponymic object of study, but also carries a deep spiritual and semantic load. Based on the texts of Orkhon inscriptions, as well as other written monuments, the following conclusions can be drawn: firstly, living in Otuken was a guarantee of stability of state governance, unity and welfare of the people, as well as trusting diplomatic relations with the neighboring country (blessing of Tengri); secondly, the abandonment of Otuken's land exposes the people to wandering and enslavement, ruin and tragedies (the punishment of Tengri). Such beliefs are a sign of utopian thinking. Social utopias in society usually arise during the transitional periods covered by the general crisis. People who do not voluntarily leave their homeland, begin to idealize and mythologize that lost fertile land.

The phrase "grace of the Otuken " (il Otuken quti), found in ancient texts, includes in its semantics not only the concepts of "happiness", "grace", but also means "generating potency". Representatives of each kind worshiped "their own" grief, which they considered to be "the womb", where they came from, and dedicated sacrifices to it. This rite was performed with the participation of a shaman. In Mongolian written monuments, the word *Ötüken* occurs in the form *etügen* ~ *ötügen*, in some places - *itügen* (a variant in oral speech - *etyğyn*), and means "divine land", "land-lord." "Goddess of the Earth" in Mongolian sounds like *etügen eke* (Etugen-Ana). The Etugen symbolized the motherhood - the homeland. Thus, in the mythopoetic and mythological traditions of the Turks and Mongols, Otuken manifests itself in the following hypostases: 1. Cultural oikoumena (*konys*) - a favorable and safe environment for the dwelling of the people; 2. Perception of the fertile land as the center of the universe (the navel of the earth) in the context of the sacred concept of *kut*; 3. Worship of the spirit of the abandoned land in a certain historical period and deification of it as a powerful sacral force (*kudiret*).

In the Turkic-Mongolian world view, the image of Otuken is associated with the archetype of Mother Earth and it is proposed to consider its ideological evolution and transformation through the mythopoetic formula "habitat - the fertile land - the object of worship."

**Keywords:** Otuken, the archetype "Mother Earth", Turks and Mongols, the traditional world view, social utopia.

Көне түркілердің дәстүрлі дүниетанымындағы халықтың бірлігіне, берекесіне және бақытына тірек болған мекен – Өтүкен.

«Өтүкен» топонимі көк түріктерден мұра болып қалған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк тасбітіктері мен Ұйғыр мемлекеті дәуіріне тиесілі Шивээт улаан, Тариат//Тэрх, Мойын-шор, Хойто-Тамир ескерткіштерінде бар. Ол жеке өз алдына, сондай-ақ *yïš* («таулы өлкедегі ну жыныс орман») және *yër* («жер») сөздерімен тіркескен күйде де ұшырасады.

Өтүкеннің орналасқан жері туралы болжамды деректер М.Қашқаридің, Ж.Баласағұнның, Рашид-ад-Диннің, В.Томсеннің, Э.Шаванның, А.фон Габеннің, Б.Өгелдің, Л.Йислдің, Й.Шуберттің, П.Голденнің, Л.Потаповтың, Қ.Бараттың, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде айтылады.

Махмұд Қашқаридың жазуынша, Өтүкен – «татар даласындағы, ұйғыр еліне жақын бір жер» [10:14]. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасында «Өткен бегі» тіркесі ұшырасады [3:254]. Тарихшы С.М.Ақынжанов: «Рашид-ад-диннің Утиканы – зерттеушілердің басым көпшілігінің пікірі бойынша Орхон өзенінің бастауларында орналасқан Өтүкен таулары атының бір нұсқасы» [2:296], - деген мәлімет ұсынады. Л.П.Потаповтың тұжырымы келесідей: «Өтүкен аймағына Селеңгінің бастауларынан Енисейдің бастауларына дейінгі аралықты қамтитын кең таулы-орманды аудан кіреді. Бұл алқапқа қараған солтүстік-шығыс Тывадағы орманды тау жоталарының бірі осы уақытқа дейін әлгі жердің атауын сақтап қалған» [12:156]. П.М.Мелиоранский болса, «Жазба ескерткіштерде түркі қағанатының орталығы, түркі қағанының ордасы ретінде

сипатталған «Ўтүкән жыш» орманға бай, таулы өлкенің атауы екеніне күмән жоқ. Бұл атау Орхон өзенінің жоғарғы ағысы мен Косогол көлі аралығындағы аймаққа қатысты айтылса керек» деген болжам жасайды. Осы ғалымның дерегіне сүйенсек, неміс тарихшысы, синолог Ф. Хирттің ойынша «Ўтүкән жыш» деп Орхонның батыс тарапындағы «Ho-lin-schan» тау тізбектері аталған, ал В.В. Радловтың болжамы бойынша Тола өзенінің алқабы да «Ўтүкән жыш» немесе «Ўтүкән jär» аумағына кірген [11:84]. В.В. Радлов «Die alttürkischen Inschriften der Mongolei» («Моңғолиядағы көне түркі жазулар») еңбегінде (1895) Өтүкенді ұйғыр тіліндегі *ötü-* ‘таңдау’ етістігімен байланыстырып, «таңдаулы, сүйікті ормандық тау» деген мағына береді десе, еңбектің 1897 жылғы жаңа басылымында атауды *Ütükan* деп те оқуға болады деген пікір білдіріпті.

Академик Б.Я.Владимирцов «Көне түркілік *Ötüken* *yış* жайында» атты мақаласында «Өтүкен» сөзінің В.В.Радлов пен П.М.Мелиоранский жорамалдағандай «*ütüken*» емес, Тан-шу мен Цзю-Тан-шу мәтіндерінде жолығатын қытайша транскрипциясына сәйкес, «*ötüken*» деп оқылуы мүмкін екенін жазады. Ғалым бұл сөздің моңғол жазбалары тіліндегі «Жер, Жер-ие, Жер тәңірі» мағыналарын білдіретін *etügen* ~ *ötügen* формасына сәйкес келетініне назар аударады, сондай-ақ моңғол тобына жататын бірқатар тілде ауызекі түрде *emüγün* пішінінде ұшырасатынын атап өтеді. Моңғолдарда *ötügen* ~ *emüγün* бақсылық тәңірді білдіріп, бұл сөздер тек бақсылық және жартылай бақсылық мәтіндер мен бақсылық сарындарда ғана кездеседі екен. «Жер тәңірі, Жер» моңғолша мәтіндерде *etügen eke* – «Етуген-Ана» сөз тіркесі арқылы әспеттеледі. Сөйтіп, зерттеушінің пікірінше, *etügen* ~ *ötügen* сөзі моңғолдарда екі жақты мағына арқалап, әрі «жер тәңірін», әрі «киелі жердің өзін» таңбалайды [4:841-842].

Бурят зерттеушісі П.Б. Коноваловтың пікірінше Өтүкенді туған жер ретінде қабылдау түсінігі солтүстік ғұндарда пайда болуы және оның атауы топоним ретінде емес, бабалардан мұраға қалған тауларға қатысты қолданылуы мүмкін [9:176-180].

Бара-бара Өтүкен жәй ғана жердің аты болып қалмай, үлкен рухани мән-мағына арқалаған. Бұл үшін Орхон мен Селеңгі өзендерінің жүлгесінен табылған «Күлтегін» және «Тоңыкөк» ескерткіштеріне (М.Жолдасбековтың аудармасы) жүгініп, Өтүкенге қатысты жолдарды қарастыралық.

Кіші «Күлтегін» жазуында: «Егер қазір баяғы кексіз түркі қағаны Өтүкен қойнауында отырса,/онда/ елде мұң жоқ...»; «Өтүкен қойнауы еді. /Дәл/ осы жерде отырып, табғаш халқымен табыстым...»; «Ол жерге барсаң/ табғаш, яғни қытай жерін айтып отыр – А.Ш./ түркі халқы, өлімшісің. Өтүкен жерінде отырып, /қазынаға/ керуен жіберсең, еш мұңың жоқ. Өтүкен қойнауында отырсаң, мәңгі елдігіңді сақтайсың сен. нда түркі халқы тоқ.

Үлкен «Күлтегін» жазуында: «О, қасиетті Өтүкен қайнауының халқы, бостың. Біресе ілгері шаптың, барған жерде не пайда таптың? Қаның судай құйылды, сүйегің таудай үйілді, бек ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды» [7:1-16].

Екі жазуда да Білге қағанның атынан айтылған арнау сөздерден ұғатынымыз: біріншіден, Өтүкенге орнығып отырудың өзі-ақ биліктің, бірліктің және байлықтың баянды, ал көрші елмен саяси әрі сауда-саттық қарым-қатынастың берекелі болуына сөзсіз кепілдік беретіндігі (Тәңірдің жарылқауы); екіншіден, Өтүкеннен көтеріле көшудің өзі-ақ халықтың босқыншылық пен бодандыққа, қырғын мен қасіретке ұшырауына сөзсіз апаратындығы (Тәңірдің жазалауы). Белгілі бір қоныстың қасиеттілігі мен құдыреттілігіне бұлайша күмәнсіз сену – утопиялық таным-түсініктің нышаны. Сондықтан түркі қағанының ақылшысы Тоныкөктің өз соңына ерген елді «Көк Өңүт өзенінен өткізіп, Өтүкен қайнауына бастауында» үлкен мән жатыр. Оның астарын: «Түркі халқы Өтүкен жеріне, мен өзім – Өтүкен жеріне келді дегенді есітіп, түстік халықтар, келді. Екі мың едік, біз екі /бөлек/ қол болдық», – деген жолдардан түсінуге болады. Бір ескеретін нәрсе, Өтүкенге жол бастаған Елтеріс қағанның кеңесшісі Тоныкөк берідегі – Жәнібек хан тұсындағы Жерұйық іздеген Асан Қайғыны, Абылай хан жанындағы Жиделі Байсынға көшуді жақтайтын Бұқар жырауды еске түсіреді.

Зерттеушілердің басым бөлігі әлеуметтік утопиялардың негізінен қоғамның бүліншілік пен бағдарсыздыққа, тұғырсыздық пен тиянақсыздыққа толы өліара кезеңдерінде көп туындайтынын тұжырымдайды. Түркі тарихын таразылап көргенде де Өтүкен идеясының пайда болуына әсер етерлік жағдайлардың аз еместігіне көзіміз жетеді (тақ таласынан өрбіген дағдарыстар, түркілердің табғаш елінің езгісінде қалуы т.б.). Сондай сәттерде халықтың құтты қоныс туралы арман-аңсарының оянуы – табиғи нәрсе. Ендеше: М.Дүйсеновтің: «Көне түркілер өздерін өздері билеп, бақытты ғұмыр кешкен дәуірін сол аңызды Өтүкен жерінде өтіп еді деп санаған. «Күлтегін» жазбасының авторы (бұл әңгіме «Тоныкөкке» де қатысты – А.Ш.) бұл жерде нақты бір топонимикалық атауды алып отырған жоқ, аңыздық атауды атап отыр [6], – дегені көкейге қонымды. Осмылайша, өздерінің байырғы мекенін зорлап көшіру, амалсыз жер ауу нәтижесінде тастап шыққан адамдардың дүниетанымында туған жер бейнесі *идеализацияланады және мифтендіріледі*. Ол өмірдің ең тамаша кезеңімен байланыстырылады.

Расында да халық табаны тиген жердің бәрін бірдей жерұйыққа баламақ түгілі, бет алды қастерлеп-құрметтей бермеген ғой. Сонда Өтүкенде алабөтен не құпия бар? Мұның мәнісін тарихшылар Қ. Аманжолов пен Қ.Рахметов төмендегіше түсіндіреді. «Ежелгі түркілер қаған тегінің жебеуші рухы саналған қасиетті Өтүкен сұлбасын (Хангай тауларын) ерекше қадір тұтқан. Ондағы ата-баба үңгірінде түркі аңызы бойынша бөрі (қасқыр) түркілердің ата-бабаларын дүниеге әкелген, бұған қаған жылына бір рет құрбандық шалған» [1:121].

IX ғасырда жазылған манихейлік шығармаларының бірінде «Өтүкен елінің құты»/il Otukan quti/ деген тіркес кездеседі екен. Онда түркілердің ата-мекеніне телінген «құт» сөзінің семантикасы «бақыт», «береке» ұғымдарын ғана емес, сонымен бірге «ұрпақ таратушы күш» деген мағынаны да қамтыған [16:78]. Алтайдағы түркі жұрағаттарының таным-түсініктерінде осы күнге дейін «рулық таулар» ұғымының өмір сүріп келе жатқандығы жайдан-жай болмаса керек.

Әрбір сүйек (ру) өзінің тегі шыққан деп есептелетін тауға жалбарынып, оның рухына бағыштап құрбандықтар шалған. Бұл рәсімге көбіне арнайы түрде шамандар (бақсылар) шақырылған. Этнограф С.А.Токаревтың ойынша, тауларды осылайша туыстық-тектік жағынан меншіктеудің негізінде әрбір рудың жағрапиялық түп-төркінін меңзеу жатыр [15:605]. Олай болса, көне түркілердің Өтүкен жеріне қарым-қатынасынан мифтік сананың сүрлеуі танылады.

Бертін келе монғолдар мен буряттардың наным-сенімінде Өтүкен жаратушы құдіретке теңестіріліген. «Әлемдік мифология сөздігінде» оған мынадай анықтама беріліпті: «Этуген монғолдар мифологиясында құдай деп танылған жер; жанды кейіпте көрінбейтін жер құдайы» [14:458]. Ал Оңтүстік Сібір түркілерінің дәстүрлі дүниетанымы: адам және қоғам» кітабында «Буряттардың ежелгі Жер құдайы – «Этуген Ана» дұға мәтіндерінде жер бедерін әйелдің денесімен салыстыру арқылы сипатталады» [16:21], –деген дерек бар. Бұған қоса, перзент тілеген бурят әйелдері «ана құрсағы» ретінде қабылданатын тау үңгіріне жалынып-жалбарынатын болған.

Лев Гумилев жоғарыдағы жайттарды мына мәліметтермен нақтылай түседі: «Құпия шежіре» бізге Тәңірі монғолдардың бір ғана құдайы болмағандығын толық айқындылықпен хабарлайды. Аспанмен бірге Жер-Этуген де еске алынады... Плано Карпиниге жүгінсек, монғолдар бұл тәңірден қорыққан, сөйтіп оған тасаттық беріп отырған. Этуген үшін «оба» салынған (асуларға тастар үю) және де ерте кездері сол обалардың үстінде қанды құрбан шалу рәсімдері өткізілген [5:302]. Этугеннің құрметіне тау-тасқа қымыз, сүт, тіпті шай төгіп, шығыс шығару дағдысы болғандығын да растайтын деректер кездеседі.

Еуропа саяхатшылары Плано Карпини мен Марко Полоның жолжазбаларында айтылатын Итога, Натигай құдайларының да Этугеннің (Өтүкеннің) дыбыстық өзгеріске ұшыраған нұсқалары екендігі дәлелденіп отыр [8:81], [13:28].

Біздің пікірімізше, атамекенге табыну турасындағы мифтік-поэтикалық салттың қалыптасуын төмендегідей сатылар бойынша сипаттауға болады.

Белгілі бір этностың:

біріншіден, өздеріне әуелден бұйырмыс табиғи территория – ойкуменаны тіршілікке қолайлы және қажетті *қоныс* ретінде қабылдауы;

екіншіден, бара-бара өздері өсіп-өніп, күн кешірген аймақты күллі әлемнің кіндігі ретінде кепиеттеп, *құт* дәрежесіне дейін дәріптеуі;

үшіншіден, ата-бабаларының сүйегі жатқан қасиетті қонысты сыйыну сезімі арқылы құдайға барабар *құдірет* кемелдігіне көтеруі.

Этностың байырғы тіршілігін дәріптеуге деген ықыластың оянуы сана түкпірінде сақтаулы ұлттық бағзы бейнелерді қайта тірілтумен қатар жүріп жатады. Түркі халықтары әдебиетінің сенімін тоғыстырып, сөзін түйістіріп тұратын нәрсе – ортақ тек, ортақ тарих, ортақ таным.

Міне, жоғарыда келтірілген жағдайларды жинақтай келе, көшпенділердің мифтік-поэтикалық танымындағы Жер-Анаға қарым-қатынастың шартты түрде

«қоныс – құт- құдірет» формуласына сәйкес қалыптасатындығын аңғарамыз. Өтүкен мысалы осыны растайды.

### Әдебиет

1. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: Білім, 1996. – 350 б.
2. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.
3. Баласағуни Ю. Благодатное знание. – Л.: Советский писатель, 1990. – 560 с.
4. Владимирцов Б.Я. По поводу древнетюркского *Ötüken yış* // Владимирцов Б.Я. Работы по монгольскому языкознанию. – М.: Вост.лит., 2005. – С.841-845.
5. Гумилев Л. Қиял патшалығын іздеу: «Пірәдар Иоанның мемлекеті» туралы аңыз (ауд. Ә.Жұмабаев, П.Бейсенов). – Алматы: Балауса, 1991. – 448 б.
6. Дүйсенов М. Жерұйық, Жиделібайсын және Өтүкен//Қазақ әдебиеті. – 1986. – 17 қаңтар.
7. Ежелгі дәуір әдебиеті.Хрестоматия (Құрастырған А.Қыраубаева). – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
8. Книга Марко Поло. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 352 с.
9. Коновалов П.Б. Этнические аспекты истории Центральной Азии (древность и средневековье). – Улан-Удэ, 1999. – 214 с.
10. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.
11. Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль Тегина. С двумя таблицами надписей. – С.-П.: Типография Императорской академии наук, 1899. – 145 с.
12. Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. – Л.: Наука, 1969. – 196 с.
13. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. Редакция, вступительная статья и примечания Н.П. Шастиной. // М.: Гос. изд-во геогр. лит-ры. 1957. – 272 с.
14. Словарь всемирной мифологии. – Нижний Новгород: Три богатыря, 1997. – 496 с.
15. Токарев С.А. Ранние формы религии. – М.: Политиздат, 1990. – 622 с.
16. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири: Человек и общество. – Новосибирск: Наука, 1989. – 243 с.